



## 30 ЖЫЛДАҒЫ 30 ИГІ ІСТЕР



*Ата-бабаларымыз сан ғасыр армандаған Тәуелсіздіктің 30 жылдығы еліміздегі іргелі істермен айықталып, сәт сайын жақындап келеді. Тәуелсіздік күні кез-келген мемлекеттің ең басты, ең қастерлі мерекесі. Бұл сан мың жылдар бойы ата-бабамыздың ел болып еркіндікке қол жеткізген күні. Бұл мереке әрбір отандасымыз үшін жүрегіне қуаныш ұялар ерекше мерекесі. Осынау тәуелсіздіктің отыз жылдық мерекесіне өзіміз өмір сүріп жатқан Приозерск қаласы да толайым жетістіктермен жетіп отырғаны анық. Тәуелсіздік мейрамы қарсаңында республикамыздың түкпір-түкпірінде және қаламызда да қызу дайындық жұмыстары жүргізіліп жатқаны белгілі. Осынау мерейлі жылдың қуаныш-шаттығынан қаламыздың тұрғындары да қалыс қалмайды.*

Міне, биыл Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығын атап өтіп жатсақ, қаламыздың қазақстандық қала ретінде өз ғұмырын бастағанына 28 жылдан асып барады екен. Осы дәуір ішінде не тындырдық? Неге қол жеткіздік? Тәуелсіздік жылдарындағы нәтижеміз қандай?.. деген сауалдардың алдымыздан көлденеңдеп шығары анық. Қаланың алға жылжу кезеңі 1993-жылдың жаз айынан басталды десек, қателеспейміз. Әрине, бұл кезең елімізде жаңа азат мемлекеттің экономикасының балық саласында қиын-қыстау, өтпелі дәуір болғаны жадымызда. Қаланы қайта қалыптастыру үшін барлық саланы, құрылымдарды қайта құрып шығу қажеттігі түсінікті. Сондықтан қаланың әкімдігін және оның бөлімдері мен кәсіпорын, мекемелерін жаңадан жасақтау, оларды білікті кадрлармен, мамандармен қамтамасыз ету міндетті тұрды. Бұл қайта құрудың өзіне аса көп уақыт қажет болғаны рас. Бұл міндеттерді орындауды қала дамуының алғашқы жетістігі болды.

Екіншіден, қала тұрғындарына қолайлы жағдайлар жасап, оларға сапалы білім беру және денсаулық сақтау салаларымен қамту да кезек күттірмейтін міндетте екені айқын. Алғашқы жылдары қалада РФ госпиталінен өзге жатып емделетін аурухана болмады. Емхананың өзі ҚР азаматтарына жартылай қызмет көрсетті. Госпитальге жатып емделу үшін қалтаңнан немесе мемлекет есебінен ақша төлеуге тиіс болды. Сондықтан да 30 орындық жатып емделу мекемесі мен аралас мектептің толық қазақ мектебіне айналуы екінші жетістігіміз болатын. Бертін келе жарты түбектегі бос қалған қос ғимарат заманауи үлгіде толық күрделі жөндеуден өткеріліп, заман талабына сай ауруханамыз бен емханамыз пайда болды. №2 мектеп те толық жөнделіп, қазақ-орыс мектебі болды. Бұны үшінші жетістік деуге саяды.

Қаладағы көптеген жартылай қираған немесе бос қалған ғимараттар жұрттың үлкен бас ауруына айналды. Олардың жөндеуге жарамды, жарамсызын анықтап, тазалау жүргізу үшін қыруар қаржы қажет болатын. Өз кезегімен ретке келтіріліп, жарамдыларына жөндеу жасалып, тұрғындар игілігіне берілді. Жарамсыздары бұзылып, орны реттелді және кейбірің орындарына өзге нысандар салынуы төртінші жетістік.

Сол қиын-қыстау 1994-95-ж.ж. қаланың көптеген үйлерінде жылу түгілі ыстық судың болмауы, тұрғындардың электр пештерінен көптеп пайдалануы, соның кесірінен жарықтың үнемделіп берілуі, көп үйлер тұрғындары отын мен көмірден пайдаланып, темір пешке от жаққаны әлі жұрттың жадынан шыға қойған жоқ. Бұл бейнеттің де соңында рахаты барын сезінген ел бұған да шыдап бақты. Себебі жылу қазандығының, ыстық су, жылу құбырларының әбден ескіруі – осының бәрі тұрақты және сапалы қызмет көрсетуге көп кесірін

тигізді. Мемлекет тарапынан бөлінген қаржыға №1 жылу қазандығы толыққанды жөнделіп, құбырлар алмастырылып, ақыры бұл мәселенің шешімін табуын бесінші және маңызды жетістік деп айта аламыз.

Қала тұрғындарына, әсіресе әйел-аналарға ең ауыр қиындық тудырғаны – балаларын балабақшаларға орналастыру болатын. Өйткені қалада толыққанды қазақ балабақшасы мүлде болған жоқ. Маңызды мәселені түбегейлі шешуге тағы да мемлекет көмекке келді. Қалада алғаш рет «Айналайын» бөбекжай балабақшасы ашылғанда қызмет бабындағы ата-аналардың қуанышында шек болмады. Бұдан әрі кезең-кезеңмен балабақшалардың құрылысы жүріп отыруы мәселенің түкпілдік шешілуіне ықпал етті. Бұны алтыншы жетістігіміз десек артық болмас.

Қаланы дамытудың алғашқы сағатынан бастап өз қызметіне білек түре кіріскен ұлтжанды азамат, қала әкімі Сағымбай Медеубаев қанша қиын кезең болса да, қала мәдениетін көтеріп отыруды бір сәт те естен шығармайтын. Сол кісінің тікелей өз баста-

кілікті кітапхананың болмауы қалың оқырманның ізденуіне мәжбүрледі. Бұл мәселе қала әкіміне мәлім етіліп, әкімдіктің тікелей атсалысуымен басты жұмыс кітап қорын толықтырудан басталды. Кітапхана үшін ғимарат бөлінді және оған тиісінше жөндеу жұмыстары жүргізілді. Оған білікті басшы тағайындалып, мамандармен қамтамасыз етілді. Тұрғындар мен балалардың өздігінше білімін жетілдіретін ортаның жұмысы біржолата жолға қойылды. Ақын, жазушылардың мерейтойлары жүйелі түрде аталып өтілді. Кеңестік жүйенің жаппай құрбанына айналған арыстарымыздың шығармалары ұрпақтарымен қайта қауышты. Бұл да ұлттық рухымызды қайта серпілті. Бұл аса маңызды сегізінші жетістігіміз еді.

Кеңестік кезеңде «Пионерлер үйі», кейінірек «Өнер және спорт мектебі» болып аталып, әсіресе кеңестік жүйе заманындағы өзінің қызметін мейлінше атқарған, бертінде талай балалар мен жасөспірімдердің уақытын тиімді пайдалануына қызмет етіп, көптеген өнерпаздарды тәрбиелеп шығар-



масымен ұмыт бола бастаған «Наурыз» мерекесін уақытылы тойлап отыруға тоқсаныншы жылдардың аяғына қарай қол жетті. Қала сыртында «Наурыз» тойы тойланып, аламан бәйгеден басталған аударыспақ, алтыбақан, көже пісіру, тұсау кесу, келін түсіру т.б. ұлттық болмысымызбен қуана қайта қауыштық. Бұл ұлық мерекені атап өтуге қала халқы ұлтына қарамай түгел қатысатын болды. Ұлты, діні басқа деп бөлінбей, мереке-тойларын, қуаныштарын бірге бөлісу тұрғындардың игі дәстүріне айналды. Мұндай ортақ мүддеге топтасу – Елбасының үнемі айтып жүретін ұлттаралық татулық, бірлік, достық жайлы мақсаттарын жүзеге асыруға алып келді. Жетінші жетістік осылай жүзеге асты.

Қазақстанның біраз аймақтарында дінге теріс қарау үрдісінің ішінара қалыптасып кеткені кеңес үкіметі тарап, әр мемлекет өз тәуелсіздігін алғаннан кейін ғана сезіле бастағаны ашы да болса, шындық екенін мойындаймыз. 1995-96-жылдары дүниеден өткен марқымның жаназасында қаладағы қазақ тұрғындары арасында арақ ішу дәстүрінің бары, дінін жоғалта қоймаған онтүстік аймақтардан көшіп келгендердің жағасын ұстағты. Бұл жағымсыз жәйт қала әкімінің құлағына жетіп, қаладан мешітті іске қосу мәселесі көтерілді. Сол кездегі қала имамы Сайранбай Махмұдов бастаған қала ақсақалдарының, иманды азаматтардың бастамасымен тұрғындардың қалауымен қаражат жиналып, әкімдік бөлген үлкен екі бөлмеге қажетті құрал-жабық, ыдыс-аяқ сатып алынды. Сол жерге ислам дінімізге қайта бұрылуға ниетті жұрттың ынта-ықыласымен жұма намазға жинала бастады. Дін дәрістеріне жастар мен балалар қатысу үрдісі көрініс берді. Бұл өмірімізге енген ең бір жақсы дәстүрдің бірі болатын. Жастардың ішкіліктен, бұзақылықтан, жаман әдеттен бас тартуына үлкен ықпал етті. Арадан біраз жыл өткенде өзіміздің дербес мешітіміз және оның асханасының құрылысы бітіп, қала жұртшылығы бір жерден діни шараларды, айт мерекесін, жұма намазын бірге өткізетін болды. Осылайша сегізінші жетістікке де қол жетті.

Қалада қазақша кітаптар қоры жет-

ған бүгінгі «Достық» балалар мен жасөспірімдер орталығының жөндеу көрмегенін ескерген жоғарыдағы басшылықтың бұл ғимаратқа назары түсті ақыры. Ауқымды нысан толық күрделі жөндеуден өтіп, ішкі жағына шоғылатын орын (бассейн) салынып, балалар игілігіне тапсырылды. Бұл жерде көптеген іс-шаралар мен жиындар өтіп тұрады. Менің ең алғашқы шығармашылық кешім осы ғимаратта өткендіктен, маған өте ыстық сарай бұл. Журналист ретінде мұнда өтетін бірде-бір мәдени-көпшілік шарадан қалмай қатысуға тырысамын және олардың ақпараттарын газет бетінде жариялап тұрамын. Қаланың тоғыз және оныншы жетістігі осылайша барлық қала тұрғындарына қуаныш сыйлады.

Қаланың ішкі және Астана-Алматы күре жолына дейінгі жолдар сын көтермейтін жағдайға жеткені, әсіресе жүргізушілердің жүйкесіне тигені жасырын емес. Оны жөндеуге қыруар қаржы қажеттігі түсінікті. Еліміздің экономикалық дамуының арқасында бұл түйткілді мәселе де ақыры шешімін тапты. Күре жолдан бастап қазіргі «Балқаш» емдеу-сауықтыру кешеніне дейінгі аралықтағы жол жөнделгені қала халқының көңілін біржолата көтеріп тастады. Оған қоса мерекелік іс-шаралар өтетін үлкен алаң да түгелдей асфальтанды. Бүгінде бұл жер балалардың жаз айларында ойнайтын және велосипед тебетін, ойыншық машиналарымен сайран салатын орнына айналды. «Достық» көшесі мен Пушкин көшелерінің қиылысындағы қалалық әкімдік маңындағы қатар орналасқан қазақтың дана ақыны Абай бабамыз бен орыстың ұлы ақыны Пушкиннің ескерткіштері татулық пен бірліктің жаршысы сынды мен мұңдалайды. Бұл да біздің маңызды он бірінші қол жеткен қуанышымыз.

Біздің қаланың қараңғы қапаста қалғып келгеніне, қараңғы түн қойнауында талай қылмыстардың жасалғанына бәріміз куәміз. Тұрғын үйлердің, нысандардың, мекемелер мен қаланы бөліп жатқан жолдардың маңайының толық жарықпен қамтамасыз етілуі көзімізді ашқандай болғаны рас. Аталған жарық Астана-Алматы күре жолына дейін тартылып, қаланың сәнін келтіре түсті. Он екінші



жетістік осылай жүзеге асты.

Қаланың бос қалуы тұрғын үйлер ауласы мен маңайындағы балалар ойын алаңдарының тоналуымен де есте қалды. Үй алдындағы асфальттар да жойылған болатын. Бүгінде қала бойынша түгелге жуық үйлердің алдына балалар ойын алаңдары, сырғанақ, аяқ доп және хоккей алаңшалары салынды. Кейбір үй алдына тұрғындардың спортпен айналысуына жағдай жасайтын құрылғылар орнатылды. Үйлер алдына асфальт төселіп, көлік қоятын орындар жасалды. Бұл игілікті шараның әлі де жалғасын табатынын айтады құзырлы орындар басшылары. Лайым ізгі бастама жалғасты болсын деп тілейміз. Он үшінші жетістігіміз осындай.

1995-жылы қалаға жұрт жаппай көшіп келіп жатқандағы қалалық базардың кескін-келбеті елдің естерінде шығар. Жабайы түрде төбесі жабылған орындар мен қаптаған дүңгіршіктерде сауда жасайтын сатушылардың қыс айлардағы халі тіпті мүшкіл болатын. Базар басшысы Жәлі Әбдімүтәліповтың тынымсыз қимылы мен жанқиярлық еңбегінің арқасында бүгінгі базардың өңі мүлде оңға қарай өзгерді. Оған үнемі осында сауда жасайтындар да өз үлестерін қосып, дүкендерін ашты. Ми батпақ болып жататын дүкендер аралық жолдарға бетондар төселіп, бетке келтірілді. Базардың айналысы түгел қоршалды. Қаланың ішкі салтанатын көр-кейтіп, тұтынушыларға қолайлылық тудырған бұл әрекет он төртінші жетістік.

Өздері тұрып, еңбек етіп, нәпақа тауып отырған қаласының дамуына жеке кәсіпкерлердің де үлес қосып келе жатқанын атап айтқанымыз жөн болар. Олар өздері қаражат шығарып, жалға алған немесе сатып алған нысандарының іші-сыртын әрлеп, әсемдеп ұстауы қажет болатын. Әсіресе көше бойындағы ғимараттардың сырт көрінісінің әдемі не нашар көрінуі қаланың сәнін бұзар еді. Осы орайда «Юбилейный» дүкені сонау 1996-жылдан жаңғыртудан Т.Жданова ханым өзгелерге үлгі бола білді. Одан кейін



қазіргі «Центральный» мейрамхана-дүкені жаңғыртылды. Мол жетістік үшін еңбек етіп жүрген И.В.Бородацкая, И.А.Григорьева, және Мұрат Нарымбетов, Муса Әбдімүтәліпов, Ислам Гүләлиевтер босап қалған үйлерді қайтадан күрделі жөндеуден өткеріп, халықтың игілігіне, өздерінің нәпақаларына пайдалануға қол жеткерді. Базарға жақын жердегі Пушкин көшесінің бойынан ашылған кісіпкер Насиба Нарбекқызы ашқан «777 супер маркеті» мен «Абылайхан» дүкені де жарасымды оындарын тапқан. Үлкен мен қиылыс жол бойындағы бұл ғимараттар да қаланың әрін келтіріп тұр. Өзге кәсіпкерлердің де әріптестерінен үлгі алғаны жөн болар еді. Бұл қалаға енгізілген он бесінші жетістік.

Шағын шаһарға жаңадан бой көтерген және түбірінен жаңартылып, жөнделген ғимараттардың жөні өз алдына. Қалада жаңадан салынған «Прокуратура», «Халық банкі», «Балақай» бөбекжай балабақшасының және мемлекеттік мұрағат пен білім бөлімі орналасқан ғимарат, ҚР ҚК әскерилері үшін күрделі жөндеуден өткен «Достық» көшесіндегі тұрғын үй, «Достық» көшесі 29-үй, «Жеңіс» көшесі 30 үйдің шөккен жағын алып тастап, қайтадан күрделі жөндеу, құрылысы аяталмай қалған «Жеңіс көшесі 38 А» үйге тұрғындарды орналастыру, т.б. ғимараттар мен нысандардың құрылыс-жөндеу жұмыстары он алтыншы жетістігіміз.

(соңы 6 бет.)





ҚАЗАҚСТАН  
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ

(соңы басы 5 бет.)

Қалада орналасқан Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері әскери бөлімдерінің ғимараттарын, қазармаларын, аулаларын жөндеу жұмыстары тоқсаншы жылдардың аяғына қарай басталып кеткен. Жаңадан көшіп келіп жатқан әскери бөлімдерді жайғастыру үшін бұл шара кезек күттірмейтін міндет еді. Аталған күрделі жөндеу жұмыстары Елбасымыз, ҚР ҚК Бас қолбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың тікелей бақылауында болды. Соның нәтижесінде қирап, бос қалған ғимараттар қысқа мерзім ішінде қатарға қосылды. Әскери бөлімдердің қару-жарақтары мен арнайы техникаларын сақтайтын ауқымды аймақты алып жатқан парк құрылысы жүргізілді. Он жетінші жетістік осы болар.

БСА көшесінің бойындағы РФ ҚК Офицерлер үйін ҚР ҚК әскери гарнизонының қарамағына өткізген соң аталған ғимаратқа күрделі жөндеу қажет болды. Бұл жұмысты жедел қолға алған ҚР ҚК әскерилері ғимараттың сыртқы және ішкі жөндеу жұмыстарын атқарумен қатар, оның ішкі жиһаздарын да жаңартып, қала тұрғындарының игілігіне де пайдалануға жағдай жасады. Бүгінде үлкен мәдени және көпшілік шаралар осы ғимаратта өтіп тұрады. Бұл он сегізінші жетістік.

Қазақстан әскері халықтың тыныштығын тиянақты қорғау үшін оның сарбаздары мен сардарлары шыныққан, мықты, әрдайым сақадай сай болуы тиіс екенін Елбасы үнемі ескертіп келеді. Сондықтан олардың салауат-ты өмір салтын ұстанып, ылғи спортпен шұғылдануына мемлекет тарапынан жағдай жасалады. Соның айқын көрінісі – БСА көшесінде, ҚР офицерлер үйінің жанынан салынған спорт кешенінің атуға болады. Бұл спорт кешенінде тек қана әскерилер емес, қала тұрғындары да қатысып, спортпен айналысуына мүмкіндік берілген. Ауқымды спорттық жарыстар осы ғимаратта өтіп тұрады. Он тоғызшы жетістік деп атауға лайық нысанның бірі осы.

Қаланың жиымасыншы жетістігі деп «Нұр Отан» партиясы Приозерск қалалық филиалының кеңесінің ашылуын атауға лайық. Бұрын бір бөлмені паналап келген жетекші партияның мейлінше тыңғылықты жұмыс істеуі үшін оның кадрлық көлемі кеңейтілді және тұрғындарды жүйелі түрде, ыңғайлы ортада қабылдау үшін арнайы кеңсе жасалынып берілді.

Алаға 1995-жылдың басынан көшіп келе бастаған қандастарымыздың Сарыарқаға табан тірегеніне 26 жылдан асыпты. Бүгінде олар осы қаланың тұрақты тұрғындарына айналды. Сол жылдары дүниеге келген балалар 26 жасқа толды. Бүгінде оларды

## 30 ЖЫЛДАҒЫ 30 ИГІ ІСТЕР

жергілікті халықтан ажырату мүмкін емес. Сондағы ойын балалары қазір оқу бітіріп, мамандық алып, қоғамның белді мүшелеріне айналған. Осыдан 11 жыл бұрын тарихи Отандарына оралған қандастардың 15 жылдығына орай қалалық әкімдіктің ұйымдастыруымен құрылтай өткізілді. Қаланың дамуына үлес қосқан, еңбегі сіңген азаматтарды марапаттады. Еңбектің елпескерілуі әрдайым адамға жаңа күш-қуат, соны серпін, болашаққа ұмтылыс беретіні сөзсіз. Аталған құрылтайды жиырма бірінші жетістік десек, артық болмас. Бұл өз-өзімізге сыйластықтың, құрметтің, ауызбіршіліктің белгісі.

Қаланың өркендеуіне елеулі үлес қосқан әкім Ерлан Өтешевтің уақытында талай тірліктің жасалғанына қала тұрғындары түгел куә. Сол кісінің бастамасымен қалада қазақ халқының ұлттық мәдени орталығы «Атамұра», славян халықтарының «Исток» және эзирбайжан ұлтының «Арзу» этно-мәдени бірлестіктері құрылған болатын. Өз кезегінде бұл бастамалар қаладағы әртүрлі ұлттардың өз тілін, мәдениетін өркендетуіне ықпал етуде. Қала тұрғындарының әртүрлі мәдени-көпшілік шараларда бірге

болуына тілекші қала тұрғындары. Бұл игі істерді жиырма үшінші жетістік деуге тұрарлық.

Жиырма төртінші жетістік деп «Жеңіс» көшесіндегі кәсіпкер Шынар Лұқманованың іске қосқан моншасын, Астана-Алматы күре жолының бойынан кәсіпкер Бауыржан Дулатовтың жүргізушілер мен жолаушыларға арнап салған дәмханасын, «Достық» көшесінің бойынан салынған Гүлнар Жүсіпова мен Нұржановалардың «егіз» нысандарын және Мұрат Нарымбетовтың жиһаз дүкенін атауға негіз бар. Заманға сай әрленіп жасалған бұл нысандар да көпшіліктің сүйсіне қарайтын ғимараттарға айналды.

Қала әкімі Қайрат Амангелдіұлы Камзин бүгінде қалада туризм мен демалыс орындарын дамытуды мықтап қолға ала бастағаны белгілі. Биылғы жаз айында еліміздің аймақтарынан кәсіпкерлерді шақырып, арнайы форум өткізді. Айдын көліміз Балқаштың жағасынан демалыс орындарын ашуға шақырды. Қалалық әкімдік тарапынан қолдан келер көмекті көрсететінін білдірді. Бүгінде республика көлемінде халыққа қызмет көрсетіп жатқан



бас қосып, ауызбірлікпен жұмыс жасауына жағдай жасайды. Ауызбірлікпен, татулықпен, түсіністікпен жасалған тірліктің өз жемісін беретіні анық. Жиырма екінші жетістік деп осы жақсы бастаманы атар едік.

Халықтың, әсіресе қазағмыздың өмірін той-жиынсыз елестету мүмкін емес. Жиған-тергенімізді қуаныш-тойымызға шашуға бейім жұрт екеніміз балығына белгілі жайт. Келін түсіру, қыз ұзату, сүндеттой секілді атаулы мерекелі тойларын өткізетін орынның болмауы халыққа біраз қолайсыздықтар туындатқаны бар. Бұл өзекті мәселені шешу кәсіпкерлердің іс-әрекетіне тікелей байланысты еді. Осыны ескерген кәсіпкер Бауыржан Дулатов алғаш болып «Ақ босаға» тойханасын ашты. Осы ғимаратта талай келіннің беті ашылып, талай қыздар бақыттың басбалдағын аттады. Талай баланың сүндет тойы тойланды. Одан соң кәсіпкер Муса Жәліұлы «Әл-Сафи» тойханасын іске қосып, халыққа қызмет етіп келеді. Дүйім жұрттың мұқтажын өтуге атсалысқан кәсіпкерлердің оңды істері көп

«Балқаш» демалыс-сауықтыру кешені қаламыздың мақтанышына айналып, мұндай орындарды көбейту қажеттігін дәлелдеді. Көл жағалауындағы ертегіде-дей сарайдың кескін-келбеті сырттай қарағанды әсемдігімен таң қалдырады. Аталған демалыс кешеніне келушілер саны уақыт өткен сайын артып келеді. Бұл қаламыздың жиырма бесінші жетістігі деп ауыз толтырып айта аламыз.

«Достық» көшесіндегі 29-үй, құрылысы аяталмай қалған «Жеңіс көшесі 38 А» үйді қайта күрделі жөндеуден өткізіп, тұрғындарды орналастыру т.б. ғимараттар мен нысандардың құрылыс-жөндеу жұмыстары жиырма алтыншы жетістігіміз.

Қаладағы «Жеңіс» көшесін бойлап жүретін бір бағытты жолдың жөндеу жұмысы былтыр аяқталып, көлік иелерін қуанышқа кенелдірген жиырма жетінші жетістікті айта кеткеніміз жөн болар.

Қаланың ортасын кесіп өтетін негізгі жол бойындағы «Достық» көшесінің екі жағындағы «Бейбарыс» сауда орны және

еңселі қонақ үйдің сырттан келген қонақтардың назарын аударатын келісті нысандар екені рас. Бұл керемет нысандарды қаланың жиырма сегізінші жетістігі деуге негіз бар.

Бұрынғы «КТҰҚҚ» коммуандық кәсіпорының алдыңғы жағынан жаңадан бой көтеріп жатқан үйдің құрылысы жақын арада бітіп, тұрғындардың игілігіне жарап жатса, бұл біздің жиырма тоғызшы жетістігіміз болмақ.

Қаланы абаттандыру және көгалдандыру жұмыстары бүгінгі әкім Сапар Қайыркенұлы Сатаев қызметке кірісе салысымен жандана бастағанына куәміз. Соның айғағы ретінде әкімдік ғимараты маңындағы жерге және «Достық» көшесін бойлап



балғын көгалдар (газон) мен әртүрлі талдар отырғызылды. Мұндай игі бастама қаламыздың басқа да көшелерінде жүргізілетін болады және талдар мен көгалдар жаңа технологиялық әдіспен, тамшылатып суғарылатын болады. Отызыншы жетістігіміз осы болғанымен, қаланы көркейту мақсатындағы мұндай маңызды істер одан әрі жалғаса бермек.

Кіріп келе жатқан тәу етер Тәуелсіздігіміздің 30 жылдық мерейтойы қарсаңында хал-қадерімізше осынау жылдары жеткен 30 жетістігімізді тізбелеп шығуға әрекеттендік. Бірлі-жарым қалып кеткен жақсы көріністеріміз болса, оқырман қауымнан үзір сұраймыз. Сіздердің де отыз жылдағы қол жеткізген жетістіктеріміз жайлы ой қосып, пікір білдірулеріңізге болады. Тәуелсіздіктің мерейлі тойы мен қаламыздың дамуы мен жетістіктері бар-



шамызға ортақ мәртебе. Әрбір қалалық тұрғын аталмыш мерейлі мерекеге үлес қосып келеді және үлес қоса бермек. Той – ортақ, жетістік пен жеңіс – ортақ!

**Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,**  
әкімнің кеңесшісі,  
газеттің арнаулы тілшісі

## ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Елімізде латын әліпбиіне көшу мәселесі соңғы жиырма жылда көтеріліп, соның он жылында қызу талқыланып келе жатқан тақырыптардың бірі екендігі бәрімізге белгілі-ақ. «Латын әрпіне көшу – қазақ тілін дамыту мен жаңғыртудағы ішкі қажеттілік» - деген Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың сөзін бәріміз де санамызбен түсініп, оның шынында да, қазіргі қоғамға тигізер ықпалы туралы ойлануымыз керектігі де түсінікті.

Қазіргі қазақ жазуында қолданылып жүрген әліпбиді латын әріптерімен ауыстыру мәселесіне алаңдаушылық тудырып отырғандардың бар екендігін жасырмаймыз және олардың сандары да баршылық. Бірақ бұл болашаққа батыл қадам жасап, елімізді төрткүл дүниеге танытып келе жатқан Елбасының тағы бір маңызды бастамаларының бірі және дер кезінде қозғалған тіліміздің болашағы үшін жасалған ғылыми маңызды шара деп білуіміз қажет сияқты. Қалай ойлайсыздар? Тәуелсіз елдің негізгі белгілерінің бірі ретінде жазудың маңызы

өте зор. Сондықтан да болар Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «біз орыс тіліне қарсы емеспіз, біз оның қазақтар арасына қалай енгізілгеніне келіспейміз» деген сөзі көңілге көп ой салады. Себебі бұл сөз тілінің болашағын ойлаған тіл мамандары мен тілге жанашыр зиялы қауымның көкейіндегі ойды дөп басқандай. Мұны қазіргі кирилл-қазақ әліпбиіне немесе орыс тіліне теріс қарау деп емес, қайта қазіргі әліпбиіміз бен жазуымыздағы халықтың өз еркімен қалап алмаған, кешегі кеудемсоқ жүйенің өктем саясатының әмірімен күшпен таңылған кейбір кірме әріптерден арылып, таза қазақ әліпбиін жасау бағытындағы игілікті қадам деп түсінеміз. Елінің болашағын ойлаған әр азамат, зиялы қауым өкілдері, әртүрлі мамандық иелері латын әліпбиіне қатысты өз көзқарастарын білдіріп, ой бөлісіп жатыр. Дегенмен, мәселенің байыбына терең бармай, әліпби өзгертуді бұрынғы кирилл әріптерін латын әріптерімен ауыстыра салу деп түсінетіндер де бар. Егер бұлай түсінсек, яғни қазіргі

қырық екі әріпті латын әріптерімен жай ғана алмастыра салсақ, одан ештеңе өзгермейді.

«Латын алфавитіне көшу — заман талабы» - деп ойлаймын. Себебі, әр ұлттың өзіндік бірізділігі, ерекшелігі ең бастысы оның тілімен белгіленеді. Сондықтан тілдің дамуы, өркендеуі қандай болса да этнос үшін өте маңызды.

Қазақ тілінің латын әліпбиіне көшуі тіліміздің әрі қарай жаңғыруына жақсы ықпал етері сөзсіз. Себебі латын әліпбиіне көшу арқылы біз психологиямызды, ми қабыршығы астындағы санамызды орыс тіліне деген тәуелділіктен босатамыз деп ойлаймын. Сондықтан, мемлекеттік тілдің латын әрпіне көшуі – заман талабы. Бұл мәселені көтеру – Президентіміздің көрегендігін көрсетеді. Елбасымыз «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында: «Мен қазақстандықтардың ешқашан бұлжымайтын екі ережені түсініп, байыбына барғанын қалаймын. Біріншісі – ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды. Екіншісі –

## Заман талабы

алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту керек» - деген болатын. Ендеше, орыс тіліне жалтақтай беріп қарайтынмыз да осы кертартпаның бірі деуге болады. Бұл жолда латынға көшу – тиімді әрекет. Ол біздің ұлттық коддымызды сақтап, ұлт ретінде дамуымызға жол ашады.

Менің пікірімше, ынтасы бар адамға бұл әріпті үйренудің еш қиындығы жоқ. Соның ішінде жоғары білімді немесе шет тілін білетін адамдарға. Алысқа бармай-ақ қоялық, қазір көп адамдар әлеуметтік желілерде отырады. Сонда отырып-ақ, өзара латынша жазуды үйрене берсе де болады. Латын әліпбиіне көшу – өз әліпбиімізге оралу. Нақтырақ айтқанда, түрік әлеміне, тіліне оралу деп түсінеміз. Сондықтан, тез арада көшуіміз қажет деген пікірдемін.

**Б. Сарманова,**  
«Балбөбек» бөбекжайының  
тәрбиешісі




## ӨЛЕҢІ ӨМІРІ БОЛҒАН АҚЫН

Біздің жерлесіміз – қазақ поэзиясының аса көрнекті өкілі, халқымыздың дарынды ақыны, атақ-даңқы кең жайылған Қасым Аманжолов - ұлттық әдебиетіміздің заңғар аспанындағы жарық жұлдызы, мәңгі сөнбес шамшырағы еді. Өмірден ерте кеткенмен, ол болашақ ұрпаққа мол мұра қалдырды. Бейбіт өмірді, қан майданды, туған жер мен ата-ананы, достық пен махаббатты, көңіл күйі мен табиғатты биік парасаттылықпен, шынайы сезіммен, зор тебіреніспен жырлады. Қазақтың аса ірі ақындарының бірі болған ақынның көркемдік-эстетикалық деңгейі жоғары, қазақ әдебиеті тарихында айтулы орынға ие шығармашылығы, негізінен, поэзиялық туындылардан тұрады. Ақынның әдеби мол мұрасын 7-8 поэмасы мен алуан тақырыптағы лирикалары құрайды. Қасым Аманжолов – көркем аударма өнерінің де үздік шебері. Ол орыс, Батыс пен Шығыс поэзиясының классикалық туындыларын: лирикалық өлеңдер мен поэма-дастандарын қазақ тіліне зор шабытпен аударды. Қасым ақын – өзінің батыл ойлы, шынайы да терең сырлы, дауылды поэзиясымен әр буын оқырмандар сүйіспеншілігіне ие болып, жас таланттарға өте күшті әсер етіп келе жатқан біртуар дарын.

Қасым Аманжолов қазіргі Қарағанды облысының Қарқаралы ауданындағы «Қызыл» деген жерде 1911-жылы дүниеге келеді. Майданнан өлеңмен жазған «Ағайыма» деген хатындағы: «Қыс. Қыстау. Атамекен Қызылдағы» - дегендегі Қызыл – сол туған жері. Әкесі де сонда қайтыс болады. Жас болса да Қасым соның бәрін есінде жақсы сақтап қалған. Әке-шешеден жастай жетім қалған ол, біраз жыл ағасының қолында өседі. Алғашында жаңадан ашылған ауыл мектебінде оқып, сауатын ашады. 1924-жылы ағасы Қасымды Семей қаласындағы интернатқа орналастырады. Қасым онда 1927-жылға дейін тәрбиеленеді. Одан әрі қарай үш жыл Семей мал дәрігерлік техникумында оқиды. Алғашқы өлеңдерін де осы кезде жазады. 1930-жылы Алматыға келіп, біраз уақыт «Лениншіл жас» газетінде істейді. 1931-жылы Ленинградтағы орман шаруашылығы институтына түсіп, оқиды. Бірақ, денсаулығына байланысты және түскен оқуын да онша ұната қоймағандықтан, бірер жылдан кейін елге оралып, Орал қаласында «Екпінді құрылыс» газетіне қызметке орналасады. Жас ақынның көптеген өлеңдері осы газетте жарық көреді. Әншілік, әртістік өнерге бейім, домбыра, мандолина бастаған бірсыпыра музыкалық аспаптарда еркін ойнайтын ақ көңіл, жайсаң жанды «ерке Қасымның» Оралда болған, әсіресе 1935-1936-жылдары Оралдағы қазақ театрындағы қызмет еткен кезі өміріндегі ең бір қызықты, қымбат шағы болып қалады. Оның бойындағы туа бітті зор таланты да осында

белгі беріп, ақындық жолына біржолата бет бұрады. 1938-жылы тұңғыш өлеңдер жинағы «Өмір сыры» деген атпен жарық көреді. Жинаққа енген өлеңдерден болашақтағы кемелденген ақын поэзиясының отты, лепті, сыршыл мінезі танылатын жекелеген жол, шумақтар табылғанымен, тұтастай алғанда, жинақ ақынның әлі де үйрену, еліктеу үстінде екенін көрсететін



еді. Әсіресе көзге ауыз әдебиетінің 7-8 буынды терме, толғау үлгілеріне бой ұруы жиі шалынатын. Өлеңіне арқау етіп алған өмір құбылыстарын сырттай таңырқап, тамашалауға, көрген-білгенін тәптіштеп, тізбелеп суреттеуге әуестік байқалатын.

Ол Махамбет, Абай поэзиясының көркемдік табиғатына терең бойлау, дүние-жүзілік поэзияның үздік, асыл үлгілерінен үлкен алымдылық, шалымдылықпен үйрену оның буырқанған күшті талантын тез қанааттандырды. Қасым 30-жылдардың өзінде-ақ А.Пушкиннен, М.Лермонтовтан, Т.Шевченкодан, Дж.Байроннан, В.Маяковскийден шебер аудармалар жасады. Бұл оның үлкен поэзияның сырына терең бойлап, ақындық өнерінің қыр-сырын тануына көмектесті. 1939-40 жылдар ақынның өсу жолындағы елеулі кезең болды. «Нар тәуекел», «Бұрабай толқындары», «Дауыл», «Көкшетау», «Орамал», «Сұлтанмахмұт туралы баллада», «Өз елім», «Ғашық едім қайтейін» сияқты тамаша туындылары осы жылдары дүниеге келді. Бұл кезеңдегі ақын өлеңдерінде түр, дыбыстық үндестік, ырғақ жағынан да жаңалықтар көрініс берді. Сондай-ақ, Қасым лирикалық өлеңдермен қатар сүйекті туындылар жазуды да қолға алады, «Күпия қыз», «Бикеш» секілді алғашқы поэмаларын жазады.

Ақын 1941-жылы әскер қатарына шақырылады. Сол қарсаңда «Мазасыз музыка», «Қоштасу», «Бейсекештің бес ұлы» секілді әсерлі, сыршыл сезімге толы, лепті өлеңдерін жазады. 1941-1943-жылдары Қиыр Шығыста болған Қасым 1943-жылы батыстағы майданға ауыстырылады да, содан соғыс аяқталғанға дейін «қанды қырғын, қып-қызыл өрттің ішінде» болады.

Намыскер, өр, қайсар Қасым жауынгерлік міндетін жан аямай атқарады, абыройлы болады. Қиыр Шығыс пен батыстағы майдан аралығындағы ұзақ сапар, атамекен – Қазақстанның қақ жарып өтетін жол әсершіл, ұшқыр қиялды ақын жанын қатты тебірендеті. Соның нәтижесінде тек Қасымның ғана емес, сол кездегі бүкіл қазақ поэзиясының жетістігі болып саналатын өлеңдері дүниеге келеді. Ақын рухының бұл қуатты серпілісі майдан жырларына ұласып, мазмұн, тақырып, түр, көркемдік бейнелеу құралдары, ой мен сезім тереңдігі жағынан жаңа сапа тауып, биік белеске көтеріледі. «Елге хат» (бес бөлімнен тұратын ұзақ толғау), «Ұлы күгіс», «Үстімде сұр шинелім», «Подполковник Эллинге», «Қапанға», «Ғалға жауап», «Сен фашиссің, мен қазақпын», «Дариға, сол қыз» аталатын хрестоматиялық өлеңдері мен әйгілі «Ақын өлімі туралы аңыз» поэмасы – соның айғағы.

Тоталитарлық жүйе тұсында мықтап өркен жайған күдікшілдік, сенбеу, күйе жағу, пәле жабу сияқты кеселді әшкерелеу, зығырданы қайнай айыптау да Қасым сияқты ілуде біреудің ғана қолынан келгені шындық. Қасымның осы тақырыпқа жазған өлеңдері соғыс жылдарында, одан кейін де үзілген жоқ, қайта күшейе, салмақтана

## Қасым Аманжоловқа 110 жыл

түсті. Ондай зілді, ызғарлы лебіздерді ақынның майданнан Ғалиға, Ғабдолға өлеңмен жазған хаттарынан да көруге болады. Қасым поэзиясындағы патриоттық, отан-шылдық сезім соғыс жылдарында ерекше күшейді. Соғыстың қатал да ащы шындығы ақынды да, оның жырларын да тың өріс, жаңа биікке самғатты. Қасым шығарма-шылығы – қазақ поэзиясының асыл үлгі-лерінің бірі. Халықтың қарапайым орта-сынан шыққан жалынды ақын өз тағдырын туған елі тарихымен тұтастықта сезініп, өз өлеңдерінде халық жанына тән ерлік, батырлық, жомарттық сезімді терең көрсетті. Оның батыл ойлы, сыршыл поэзиясының бұрынғысынша әсерлі де тартымды болып келе жатқаны да сондықтан. Жерлес ақынымызды ардақтап, мадақ, әрі үлгі тұтқан оған өлең арнаған ақын шәкірттерінің арасында жеткілікті. Солардың қатарында өзім де бармын. Қаһарман ақын Қасым Аманжоловқа арнаған жүрекжарды жырымды 110 жылдық мерейтойының құрметіне газет оқырмандарының назарына ұсынамын.

### ҚАСЫМ АҚЫН

Жырлары көкті тілген жасындайын,  
Сынбаған сынағыңа асыл қайын.  
Қазақтың маңдайына біткен дара,  
Туа ма тағы ақын Қасымдайын?!

Жырымен ырза қылған көп қауымын,  
Өмірдің таптай басып өтті ауырын.  
Тірлікте мұқалмаған, қақымаған,  
Көрседі сұм соғыстың өрт-дауылын.

Мүлгіген Қарқаралы қырқалары,  
Ақынның әр сөзінен сыр табады.  
Жырлары жиындарда оқылады,  
Әндері сахынада шырқалады.

Ақынын іздеп арқа азынайды,  
Жұртына жыры ұнайды, сазы ұнайды.  
Ертелеу өтсе-дағы бұл өмірден,  
Тірлікте айтып кеткен өзі жайлы.

Ақынның өзі жайлы көп дерегі,  
Ол әлі кітаптарға беттеледі.  
Өмірден өзі өтіп кеткенімен,  
Өлмейді жалындаған отты өлеңі.

Заманды заман келіп, алмастырар,  
Қалады тарих болып алғашқылар.  
Өтті ақын дүниені дабылдатып,  
Өнерін ұрпағы бар жалғастырар.

Бейбіт күн!..  
Бүгінгі жас мәз болады,  
Ақынның әндерінен саз қонады.  
Қасымға сый-құрметтің бәрі лайық,  
Жүректен жыр арнасам аз болады!..

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,  
ақын, ҚР ЖО мүшесі

## ЛАТЫН ӘЛІПБИІ - ӨРКЕНИЕТ ЖОЛЫ



Латын әліпбиі – әлемдегі жетекші, әрі әмбебап әліпби. Бүгінгі күн тәртібіне қойылған ең өзекті, тағдыр шешті мәселенің бірі – қазақ тілін латын әліпбиіне көшіру.

Жаңа әліпбидің бізді жаңа мүмкіндіктерге, зор жетістіктерге бастайтыны сөзсіз. Себебі латын қарпі – ғылым мен техниканың, интернет пен IT-технологиялардың тілі. Латын әліпбиі рухани болмысымызды байытып, қоғамдық ой-санамызды жаңғыртады. Бұл әліпби қазақстандықтар үшін ғана емес, сонымен қатар төрткүл дүниеге тарыдай шашылып кеткен қандастарымызға да ортақ әліпби болмақ. Латын әліпбиі – түркі әлемімен ықпалдасудың төте жолы. Қазір әлемнің алдыңғы қатарлы дамыған елдері латын әліпбиін қолданады, латын әріптері – өркениет жазуы, өмір талабы, сондықтан оның бұл артықшылығын ескеріп, біз де өз мақсатымызға сай латын жазуының игілігін көруіміз қажет.

П.С. Кенжебекова,  
«Приозерск қалалық кітапханасы»  
КММ-нің директоры

## “ДУМАЮ, ТЕПЕРЬ НЕДОВОЛЬНЫХ БУДЕТ МЕНЬШЕ”: АБАЕВ О ПРОДЛЕНИИ СРОКОВ ПРЕЖНИХ ПОРОГОВ ДОСТАТОЧНОСТИ

Актуально

Первый замруководителя администрации президента РК Даурен Абаев в программе "Открытый диалог" с Александром Трухачевым прокомментировал недавнее повышение порогов достаточности для снятия пенсионных накоплений, передает корреспондент NUR.KZ.

"Думаю, сегодня глава государства своим решением (продлить прежние пороги достаточности до 1 апреля 2022 года – прим. ред.) снял многие вопросы. Думаю, что теперь недовольных будет гораздо меньше", – сказал Даурен Абаев. При этом он напомнил, что порог достаточности – это сумма, при выплате которой государство по-прежнему сможет обеспечить старость своим гражданам. "Мы можем и дальше раздавать пенсионные накопления с низким порогом. Есть в этом смысл, если потом, в старости, человеку придется продавать купленную сегодня квартиру, чтобы выжить? Конечно, я понимаю гнев тех, кто не успеет снять накопления, но экономические условия, к сожалению, имеют свойство меняться", – отметил представитель администрации президента. Абаев считает, что

"несправедливо брать и обесценивать всю реформу", как это сейчас, по его мнению, делают некоторые эксперты. "600 тысяч транзакций было одобрено за этот период. 600 тысяч семей! Это в среднем, наверное, более 2 миллионов человек улучшили свои жилищные условия", – подчеркнул он.

Также Абаев указал на факт, о котором, с его слов, говорят не все эксперты. "Казахстан – это единственная страна во всем мире, где по закону государство гарантирует сохранность пенсионных накоплений от инфляционных рисков. Тут дело в горизонтах планирования. Мы устроены так, что сегодняшний день для нас важнее того, что будет завтра. Те, кто сегодня возмущаются повышением порога достаточности, завтра точно так же будут возмущаться, почему они получают такую маленькую пенсию", – отметил Абаев.

Президент Касым-Жомарт Токаев поручил правительству продлить сроки действия прежних порогов достаточности.

Источник: <https://www.nur.kz>





## Білім саласындағы цифрландыру

## МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДЕ АВТОМАТТАНДЫРЫЛҒАН «INDIGO» ЭЛЕКТРОНДЫҚ ПОРТАЛЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Бүгінгі күні цифрлық технологиялар жаһандық экономикалық дамудың негізгі факторларының біріне айналып отыр. Цифрлық технология қоғам өміріне әсерін молынан тигізуде.

Портал ата-аналар үшін де, қызмет көрсетуші үшін де өте тиімді. Нақтырақ айтсақ, уақыт үнемдеу, қолжетімділік, айқындылық сияқты артықшылықтары бар.



«INDIGO» автоматтандырылған сервисі ЭЦҚ-сыз өтініш беріп, өзіңіз қалаған мектепке дейінгі ұйымға кезекке тұрып, үйден шықпай ақ жолдама алуға мүмкіндік береді. Ол үшін ғаламтор қосылған компьютер немесе кез келген гаджеттің болғаны жеткілікті. Аталған мемлекеттік қызмет түрі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 19 маусымдағы № 254 бұйрығы негізінде «Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту ту-



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ  
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ  
«ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ  
БІЛІМ БӨЛІМІ» ММ

ралы» ережесінде көрсетілген.

Әлемде технологиялық түрленудің жылдамдығы үдей түсуде, сондықтан технологиялық процестің жаңалықтарын қабылдап, тез әрекет ету біздің қаламыз үшін де маңызды болып саналады. Олай болса, болашағы бар жаңа технологияларға икемді кәсіби жүйе қалыптастыруға тиіспіз.

Алия Мухаметжанова,  
Қарағанды облысы білім басқармасының  
«Приозерск қаласының білім бөлімі»  
ММ әдіскері

### ХАБАРЛАНДЫРУ

Қалалық мәслихаттың VII шақырылған депутаттарының кезекті X сессиясы 2021 жылдың 23 желтоқсанында сағат 11.00-де өтеді.

Сессия күн тәртібінде:

1. 2021-2023 жылдарға арналған қалалық бюджетті бекіту туралы. (баяндаушы: экономика және қаржы бөлімінің басшысы Н.Струментова).
2. 2021 жылғы мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмегі туралы. (баяндаушы: жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы С.Бейсекеев).
3. Қалалық мәслихаттың бюджет, қаржы, шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі тұрақты комиссиясының атқарылған жұмыстары туралы есебі. (баяндаушы: комиссия төрағасы Б.Сатыбалдин).
4. Қалалық мәслихаттың құрылыс, көлік, коммуналдық шаруашылық және аграрлық мәселелер жөніндегі тұрақты комиссиясының атқарылған жұмыстары туралы есебі. (баяндаушы: комиссия төрағасы Т.Қарабалаев).
5. Қалалық мәслихаттың әлеуметтік-мәдени даму және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі тұрақты комиссиясының атқарылған жұмыстары туралы есебі. (баяндаушы: комиссия төрағасы Р.Ахметова).
6. Қалалық мәслихат хатшысының атқарылған жұмыстары туралы есебі. (баяндаушы: мәслихат хатшысы Б.Сәрсембеков).
7. Әртүрлі мәселелер.

Мәслихат хатшысы Б. Сәрсембеков

### ОБЪЯВЛЕНИЕ

Очередная X сессия городского маслихата VII созыва проводится 23 декабря 2021 года в 11.00 часов.

В повестке дня:


1. Об утверждении городского бюджета на 2021-2023 годы. (докладчик: руководитель отдела экономики и финансов Н.Струментова).
2. О государственной адресной социальной помощи на 2021 год. (докладчик: руководитель отдела занятости и социальных программ С.Бейсекеев).
3. Отчет о проделанной работе постоянной комиссии городского маслихата по бюджету, финансам, развитию малого и среднего предпринимательства. (докладчик: председатель комиссии Б.Сатыбалдин).
4. Отчет о проделанной работе постоянной комиссии городского маслихата по строительству, транспорту, коммунальному хозяйству и аграрным вопросам. (докладчик: председатель комиссии Т.Карабалаев).
5. Отчет о проделанной работе постоянной комиссии городского маслихата по социально-культурному развитию и социальной защите населения. (докладчик: председатель комиссии Р.Ахметова).
6. Отчет секретаря городского маслихата о проделанной работе. (докладчик: секретарь маслихата Б.Сәрсембеков).
7. Разные вопросы.

Секретарь маслихата Б. Сәрсембеков

## В КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ В 2021 ГОДУ БУДЕТ СОЗДАНО 14 НОВЫХ ПРОИЗВОДСТВ

В Карагандинской области в этом году открылись семь новых производств. И еще семь проектов реализуют до конца года.

О развитии промышленности региона рассказал аким области Женис Касымбек на брифинге в Службе центральных коммуникаций.



“Промышленное производство достигло 3,4 трлн тенге. В черной металлургии объемы выросли на 12,4%, в легкой промышленности – на 11,9%, в фармацевтике –


За 10 месяцев привлечено более 607 млрд тенге инвестиций, из которых 73% – частные. В области появились новые крупные предприятия. К примеру, полиметаллическая фабрика Жайремского ГОКа обеспечила работой порядка 400 человек. Новая фабрика даст моногороду перспективы работы в «горизонте» до 100 лет. На предприятии будут перерабатывать около 5 млн тонн руды в год.

В Караганде заработала обогатительная фабрика, которая производит высококачественный уголь с низкой зольностью. Ее мощность – 2 млн тонн в год.

Состоялся запуск второго этапа на заводе «КазТехна» в Сарани – предприятие перешло на мелкоузловую сборку автобусов. До конца года планируется запустить еще семь проектов в разных отраслях промышленности – горно-металлургической, обрабатывающей, пищевой и др. В структуре экономики Карагандинской области больше половины занимает про-



в 5,8 раз. Мы ставили для себя план в 2021 году увеличить инвестиции до 740,3 млрд тенге и создать порядка 2 тысяч рабочих



мест за счет 14 новых производств. Семь из них уже запущены, – сообщил Женис Касымбек.

мышленное производство. Регион сегодня экспортирует продукцию в 49 стран мира.

Источник: <https://www.nur.kz/>

### НАСЛЕДСТВЕННОЕ ДЕЛО

открыто после смерти Сайпназарова Раймбек Сулейменовича, умершего 26 июля 2021 года.

Наследникам, а также физическим и юридическим лицам, к которым Сайпназаров Раймбек Сулейменович имел обязательства, обращаться к нотариусу Карабекову С.С. по адресу: Карагандинская область, город Приозерск, улица Космонавтов, дом 1 “Центр по обслуживанию населения филиала НАО “Государственная корпорация “Правительство для граждан”, офис 2. Справки по телефону 5-45-94; +7 701 475 9101; e-mail: sailau.karabek@mail.ru

\*\*\*

### НАСЛЕДСТВЕННОЕ ДЕЛО

открыто после смерти Шалыжиной Марии Захаровны, умершей 26 сентября 2021 года.

Наследникам, а также физическим и юридическим лицам, к которым Шалыжина Мария Захаровна имела обязательства, обращаться к нотариусу Карабекову С.С. по адресу: Карагандинская область, город Приозерск, улица Космонавтов, дом 1 “Центр по обслуживанию населения филиала НАО “Государственная корпорация “Правительство для граждан”, офис 2. Справки по телефону 5-45-94; +7 701 475 9101; e-mail: sailau.karabek@mail.ru

Собственник: ИП Струментов А.В.  
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан 15.03.2004 г. №4843-Г. Свидетельство о переучете ППИ № 17414-Г от 24.12.2018 г.  
Адрес редакции: 101100 г.Приозерск, ул.Космонавтов, д.5, 106-107  
Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)  
E-mail: prz\_westnik@mail.ru Веб-сайт: www.prz\_westnik.kz  
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул.Сатпаева 15, Заказ № 49/745. Тираж: 500 экз., объем-2 п.л., формат - А2, 8 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.  
Технический редактор: Струментов А.В.  
Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63  
Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz\_westnik@mail.ru

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганде, а также по подписке во всех городах и районах области.  
Подписной индекс - 65041

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.